


**ЭНТЕРОВИРУСТАР ЖӘНЕ
НЕЙРОВИРУСТАРДЫҢ
ИНФЕКЦИЯЛАРДЫҢ
ҚОЗДЫРҒЫШЫ**



Энтеровирустар



- Энтеровирустар (гректің enteron - ішек сөзінен) - негізінен адамның ішегінде мекендейтін және қоршаған ортаға нәжіс арқылы шығатын вирустар.
- **Таксономиясы және жіктелуі.** Энтеровирустар – құрамында РНҚ вирустары бар, Picomaviras (латынның pico - өлшемі кіші, ma - РНҚ дегенінен) тұқымдасына, Ehteroviras туысына жатқызылатын вирустар. Полиомиелит вирустары, Коксаки, ЕСНО, 68-71 түрдегі энтеровирустары осы туыстың өкілдері болып табылады.




Полиомиелит вирустары



- Полиомиелит кейбір жағдайда жұлынның және ми бағанының сүр затының (гректің polyos - сүр) зақымдануынан болатындықтан, жедел қызба ауруы, соның нәтижесінде аяқ, қол, дене бұлшық еттерінің баяу атрофиялық және сал ауруы дамиды.
- Полиомиелит ертеден белгілі. 1909 жылы К. Ландштейнер және Э. Поппер полиомиелиттің вирустық этиологиясын дәлелдеп берді.
- **Антигендік құрылымы.** Полиомиелит вирустарының қиылысқан қорғанышын тудырмайтын - I, II, III серологиялық үш түрі бар. Серологиялық түрлердік үшеуі де маймылға тәжірибе жасағанда адамда болатын полиомиелиттік клиникалық белгілеріне ұқсас ауруды тудырады.



Коксаки, ЕСНО вирустар және 68-71 типті энтеровирустар



- Коксаки вирусы 1948 жылы АҚШ Коксаки мекенінде полиомиелит тәрізді аурумен ауырған науқастың нәжісінен бөлініп алынған.
- Коксаки вирусы жаңа туған тышқандар үшін патогендік дәрежесі бойынша 2 топқа бөлінеді - А Коксаки (баяу салды тудыра отырып қаңқа бұлшықеттерін зақымдайды) және Б Коксаки (тырысу салын дамыта отырып ОЖЖ зақымдайды; тышқандардың өліміне әкеледі). Антигендік қасиеті бойынша ажыратылатын А тобы 23 серологиялық топпен, В тобы 6 серологиялық топпен сипатталады.
- ЕСНО вирусының аты сөйлемнің бастапқы әріптерімен белгіленеді:
- enteric cytopathogenic human orphan viruses (сөзбе-сөз аударғанда: ішектік
- иитопатогендік адамның вирус-жетімдері). Бұл вирус 1951-1953 жылдары
- иолиомиелитті тәрізді ауыру науқастардан бөлінді. Полиомиелит пен
- Коксаки вирустарынан айырмашылығы ЕСНО вирусы зертханалық
- ркануарлардың барлық түріне патогенді емес. Антигендік қасиеті бойынша
- іжыратылатын ЕСНО вирусының 30-дан астам серологиялық түрі белгілі.
- Көптеген серологиялық типтері гемагглютинациялық қасиетке ие. 68-71
- серологиялық типті энтеровирустар 70-жылдары бөлінді. Адам
- шатологиясындағы өте маңызды орынды 70 типті вирус (жедел
- геморрагиялық конъюнктивит пандемиясы кезінде бөлінген) пен 71 типті
- вирус (менингит пен энцефалит эпидемиясы кезінде науқастардан
- бөлінген) алады. Биологиялық қасиеті бойынша осы вирустар басқа
- энтеровирустардың ішінде аралық орынды алады.

А гепатит вирусы

- А гепатиты - қызбамен, бауырдын зақымдануымен, көптеген жағдайда сарғаюмен сипатталатын жедел жұқпалы ауру және эпидемиялық таралуға бейімділігімен ерекшелседі.
- Ауру көне заманнан белгілі, тіпті б.э.д.сйінгі IV-V ғасырларда Гиппократ сипаттаған. А гепатит вирусын (АГВ) 1973 жылы С. Фейнстон
- **Таксономиясы, морфологиясы, антигендік құрылымы.** А гепатит вирусы Picomaviridae тұқымдасына, Hepatovirus туыстығына жатады. Құрылымдық ұйымдасуы мен химиялық құрамы бойынша басқа энтеровирустарға ұқсас, бір вирусспецификалық антигені бар.
- **Резистенттілігі.** АГВ басқа энтеровирустарға карағанда ыстыққа тұрақтылығымен ерекшеленеді: жұқпалық белсенділігін 60°C 12 сағатқа дейін сақтайды, бірақ қайнатқанда 5 минуттың ішінде инактивацияланады. Вирустар қоршаған ортада сақталады (суда, науқастардың белінділерінде). Жануарлардын сезімталдығы. Эксперименталды инфекцияны мармозет және шимпанзе маймылдарында жүзеге асыруға болады.



Б гепатит вирусы

- Е гепатит вирусы 1980 жылы иммунды электронды микроскопия әдісінде науқастың нежісі зерттелеуі барысында табылды. РНҚ бар, Caliciviridae тұқымдасына (латын тілінен calix - табақша) Непевирас туыстығына жатты. Қазіргі уақытта осы тұқымдастықтан Е-тәрізді вирустар гепатитіне ауыстырылды. Е гепатит вирусы (ЕГВ) келемі үлкен емес, сфералық пішінді, қарапайым құрылымды, А гепатит вирусынан антигендік қасиеттері бойынша ажыратылады. Жасуша дақылдарында өте қиын өседі, маймылдарға (шимпанзе, макаклар) патогенді.
- **Е гепатит вирусы - антропонозды ауру, көбінесе бауырдың зақымдануымен сипатталады. Е гепатитінің эпидемиясы көбінесе Орта Азияда, Оңтүстік-Шығыс Азия, Орталық Америка аймағында тіркеледі. Жұқтыру кезі - науқас адам. Таралу механизмі - фекалды-оралды, негізгі таралу жолдары - су арқылы. Көбіне жастар мен орта жастағы адамдар ауырады (15-40 жасқа дейін). Инкубациялық кезеңі - 2 аптадан 9 аптаға дейін созылады.**



Ротавирустар



- Ротавирустар - адамның жедел гастроэнтеритін тудыратын қоздырғыштар, 1973 жылы табылған.
- **Таксономиясы, морфологиясы, химиялық құрамы.** Ротавирустар Reoviridae тұқымдасына, Rotavirus туысына жатады. Вирус сфералық пішінді, екі жіпті бөлшектен РНҚ-нан тұрады. Ерекшелігі екі капсидке ие -сыртқы және ішкі. Вирустың аталуы капсидтің ерекшелігіне байланысты (латын тілінен rota - дөнгелек). Сыртқы липопротеидті қабығы жоқ.
- **Эпидемиологиясы.** Ротавирусты гастроэнтериттер барлық жерде таралған, кебінесе 6 айдан бастап 6 жасқа дейінгі балаларды зақымдайды (балалардың іш өту ауруының 40-60% құрайды). Ерекшелігі қысқы айларында көтеріледі. Су, тағам, жан-ұялар, аурухана ішілік инфекциялар түрінде тіркеледі. Инфекцияның көзі - аурулар мен вирусты тасымалдаушылар. Таралу механизмдері - фекалды-оралды.
- Иммунитеті, клиникасы, зертханалық диагностикасы барлық энтеровирустарға тән.



Құтыру вирусы



- Құтыру (синонимдері: rabies, lyssa, hydrophobia - судан сескену) - адам мен жылы қанды жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруы, зақымдалған жануарлармен қатынас (тістеу, микрожаралардың сілекейленуі) кезінде таралады, ОЖЖ зақымдануымен және өліммен аяқталуымен сипатталады.
- Құтырудың вирустық этиологиясын 1903 жылы П.Ремленже дәлелдеді.